ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«FIRST HEARTLAND JUSAN BANK»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«FIRST HEARTLAND JUSAN BANK»

Қазақстан Республикасы, 050059
Алматы қ., Н. Назарбаев даңғылы, 242 үй
тел.: +7 /727/ 331 26 04
факс: +7 /727/ 331 26 03
7711 (мобильді телефоннан тегін)
info@jusan.kz

Республика Казахстан, 050059
г. Алматы, проспект Н. Назарбаева, дом 242
тел.: +7 /727/ 331 26 04
факс: +7 /727/ 331 26 03
7711 (с мобильного бесплатно)
info@jusan.kz

# Кредит төлеу әдістері

## Банк кассасы/Cash-in банкомат

1. Банк бөлімшесіндегі **касса арқылы** кредит өтеуге арналған шотты толықтыруға болады. Ол үшін ақша салушының жеке куәлігі/паспорты, қарыз алушының ЖСН-і және қарыз өтеуге арналған шоттың нөмірі керек. Қарыз сол сәтте шотқа есептеледі. Комиссиясыз.

2. **Cash-in банкоматтары арқылы** қарыз алушының картасын толықтыруға болады, алайда картаның өзі болуы тиіс. Ол үшін картаны банкоматқа салу және «Қолма-қол ақша енгізу» батырмасын таңдау керек.

## Мобильді қосымша

МҚ арқылы төлеу үшін кредитті өтеуге арналған байланыстырылған шотта (карточкалық немесе ағымдағы) ақшаны қамтамасыз ету керек. Төлем күні келген жағдайда сома шоттан автоматты түрде есептен шығарылады.

Мерзімін кешіктіру болған жағдайда – сома дәл солай шотта қамтамасыз етіледі, бір күн ішінде есептен шығарылады.

1. Картаға толықтыру «Касса 24», «Qiwi» терминалдары, Cash in банкоматтары, банк кассасы арқылы немесе басқа банктерден аудару жолымен (карта нөмірі арқылы) жүргізіледі.

2. Кредитті өтеуге арналған шот ретінде ағымдағы шот белгіленіп, бірақ қаражат картада қамтамасыз етілсе, «Ақша аударымдары» бөлімінде «Өз шоттары арасында» ақша аударымын жасау керек.

## «Касса 24» (терминал)

«Касса 24» терминалы арқылы картаны, ағымдағы шотты және депозитті толықтыру мүмкіндігі бар. Ол үшін басты мәзірдің жоғары оң жақ бұрышында іздеу батырмасын басу және JUSAN сөзін теру керек. Әрі қарай таңдауға болатын екі функция шығады: «JUSAN bank» және «JUSAN теңгерімді толықтыру», осы жерден **«JUSAN bank» таңдау керек**

1. Картаны толықтыру үшін «Карталарды толықтыру»-ды таңдау керек. Әрі қарай терминал клиенттің ЖСН-ін және карта нөмірінің соңғы 4 санын немесе карточкалық шот нөмірінің соңғы 6 санын сұратады.

2. Ағымдағы шотты толықтыру үшін «Ағымдағы шотты толықтыру»-ды таңдау керек. Әрі қарай терминал клиенттің ЖСН-ін және ағымдағы шот нөмірінің соңғы 6 санын сұратады.

ⓘ Толықтыру – жеке тұлғалар үшін;

ⓘ Комиссиясыз.

## «Qiwi» (терминал)

«QIWI» терминалы арқылы картаны, ағымдағы шотты және депозитті толықтыру мүмкіндігі бар. Ол үшін «Кредиттерді өтеу/Қаржы қызметтері» таңдап,

→ «Іздеу» басып → JUSAN сөзін теру → «Ағымдағы шотты толықтыру»/ «Төлем картасын толықтыру» (жеке тұлғалардың қарыздары бойынша) немесе «ЗТ/ЖК – шот толықтыру» (заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің қарыздары бойынша) таңдау қажет.

1. Картаны толықтыру үшін «Карталарды толықтыру»-ды таңдау керек. Әрі қарай терминал клиенттің ЖСН-ін және карта нөмірінің соңғы 4 санын сұратады.

2. Ағымдағы шотты толықтыру үшін «Ағымдағы шотты толықтыру»-ды таңдау керек. Әрі қарай терминал клиенттің ЖСН-ін және ағымдағы шот нөмірінің соңғы 6 санын сұратады.

ⓘ «Qiwi» терминалы ЗТ/ЖК бойынша ғана енгізілетін сомадан 1% комиссия алады;

ⓘ Жеке тұлғалар үшін толықтыру - комиссиясыз.